

№7 «Күншуақ» бөбекжай бақшасы

Түркістан
Қызыл

Тақырыптық сабақ

Тақырыбы: «Тәуелсіздік - ел тірегі »
Ересек «Еркемай» тобы

Тәрбиеші: Хабибуллина Д.Р.

2020-2021 ж.

Тақырыбы: «Тәуелсіздік - ел тірегі »

Мақсаты : Балаларға еліміздің тарихы туралы түсінік беру. Рәміздерімізді қастерлеуге үйрету . Өз Отанын сүйуге, халқымыздың әдет – ғұрпы, салт – дәстүрін сақтап, әрі қарай жалғастыру. Достыққа, саналылыққа тәрбиелеу.

Тәрбиеші : Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өзінің тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет болды. Ол бүгінде дүние жүзінің көптеген елдермен достық байланыс орнатқан, бүкіл әлем таныған елге айналды. Біз өзіміздің Әнұранымызбен, Туымызбен, Елтаңбамызбен басқа елдерге мақтаныш етеміз.

Барша халық таныған,

Біздің үміт тілекті .

Шырқалғанда әнұран,

Шаттық кернеп жүректі .

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

Бәрі де сенің Отаның

Бойыңды биіктететін.

Рухына балап атаның

Өлгенше сүйіп өтетін.

Балалар, осы біз «Отан» деген сөзді күн сайын естіп жүрміз . Осы Отан дегеніміз не?

Балалардың жауабы.

-Отан дегеніміз – адамың туып – өскен жері, туған – туыстарымен, жақындарымен бірге тұратын ата мекені .

Отан туралы тақпақтар :

Аяжан:

Отан деген - атамекен,

Отан деген – туған жер

Отан – ана, Отан үлкен,

Қазақстан – туған ел!

Қайсар:

Отан ұран ,Отан – туым,

Отан мәңгі гүлденеді

Отан жерім , Отан – суым,

Отан қуат, нәр береді

Тәрбиеші: -Балалар, ал еліміздің туы туралы не білеміз.

Тәрбиеші:Туды көрсетіп, сипаттау. Мемлекеттік туымыздың түсі көгілдір .

Ол бірлік пен ашық аспанды, тыныштықты көрсетеді . Ортасындағы сәуле шашқан күн бейнесі – тыныштық пен байлықтың белгісі , астындағы қыран бүркіт қырағылықтың биіктеуін білдіреді.

Республикамыздың елтаңбасы көгілдір түсті бояудың үстінен салынған пырақ бейнесінен тұрады. Шаңырақтан күн сәулесі тәріздес уықтар тарайды . Шаңырақ пен уық біздің Отанымыздағы көптеген ұлттардың бірлігін көрсетеді

Ойын: «Шаңырақ»

Қонаққа қолында фотосуреттер бар Тазша бала келеді.

Тазша бала: Балалар сендер мені таныдыңдар ма? Мен кімін ?

Балалар: Тазша бала

Тазша бала: Кім айтады біз қай республикада тұрамыз?

Балалар: Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Тазша бала: Қай қалада тұрасыңдар ?

Балалар: Атырау қаласында тұрамыз.

Тәрбиеші: Балалар, Тазша бала бізге фотосуреттер алып келіпті.

Тәрбиеші фотосуреттерді тақтаға іледі.

Тәрбиеші: Балалар, бұл бізге тәуелсіздік алып берген аға, апаларымыздың суреттері. Мен сендерге желтоқсан оқиғасы туралы қысқаша айтып берейін.

(Слайдқа назар аудару)

Тәрбиеші: Қазақ халқын дүние жүзіне танытқан бұо оқиғаның алғашқы құрбандары: Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Жансая Сәбитова, Ербол Спатаевты еске алып, олардың рухына тағзым ету парызымыз. Біз Қайраттың от жүрек үніне, қыздардың намысын қорғаған ерлігіне, күнәсіз күйіп кеткен келбетіне әрқашан ұмытпай басмызды иеміз.

Тәрбиеші: Балалар, ерте кезде біздің елімізді хандар, сұлтандар, билер басқарған. Біздің еліміз Ресеймен бірге болған, елімізді Ресейдің президенті басқарған. Желтоқсан көтерілісінен кейін, тәуелсіздік алдық. Ал, қазір елімізді Президентіміз басқарады. Тұңғыш президентіміз кім?

Балалар: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің тұңғыш президенті болып 1991 ж. 1-желтоқсанда сайланды.

Балалардың тақпағы :

Жасұлан:

Он алтыншы желтоқсан

Тәуелсіздік алған күн

Ерекше боп мәңгілік

Ел жадында қалған күн

Шынар:

Көк туымды қолыма

Бүгін берік ұстадым.

Түсті бақыт жолыма

Менің Қазақстаным.

Әлхам:

Расцветай и будь прекрасной

Наша древняя земля.

Пусть живут твои народы

Как единая семья!

Саян:

Бабамның да арманы

Осы еді ғой аңсаған.

Тәуелсіздік таңдары

Бақ береді баршаға.

Тазша бала: Балалар, сендер тақпақтарды өте көп біледі екенсіңдер!
Жарайсыңдар! Ал мақал – мәтелдер білесіңдер ме? Мен мақалдардың басын айтам, сендер жалғастырып айтыңдар.

Ойын: «Жалғасын тап»

1. Отан –оттан да(ыстық)
2. Туған жердей жер болмас,
.....(Туған елдей ел болмас)
3. Отансыз адам-.....(Ормансыз бұлбұл)
4. Туған жердің күні ыстық,(түні де ыстық)
5. Өз елім,(өлең төсегім)

Тазша бала қоштасып, шығып кетеді.

Тәрбиеші: Балалар сендер тәуелсіз қазақ елінің ең жас ұландарысыңдар. Сондықтан өз жерімізді, өз елімізді, әкелер мен аталарымыз сияқты қадірлеуге, сүйуге, қорғауға міндеттісіңдер. Саналы, білімді азамат болу үшін не істеу керек?

Балалар. Еңбек етуіміз керек.

-Біздің қазіргі еңбегіміз не ?

Балалар. Оқу!

Ән : Әрқашан күн сәнбесін .

Тәрбиеші: Бүгін, егеменді тәуелсіз еліміздің ұлы мерекесін тойладық. Жүзіміз жарқын болып, аспанымыз ашық болсын деп тілейміз. Егеменді елдің болашағы – сендерсіңдер! Сендерге зор денсаулық, көңілдеріңе шаттық тілей отырып, атар әрбір таңдарың арайлы да шуақты болсын, күннің нұры сәулесін мол төксін деп тілеймін. Сау болыңыздар !